

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 желтоқсандағы N 1285 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Александр Сергеевич Павловқа Келісімге қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан оған қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісім

(2002 жылғы 6 желтоқсанда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Үкімет" деп аталатын) мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (бұдан әрі "Банк" деп аталатын) елдегі реформалар процесін одан әрі ілгері бастыру мақсатында Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын (бұдан әрі - БЭЗБ) әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге (бұдан әрі "Келісім" деп аталатын) келді. Осы Келісімде БЭЗБ негізгі принциптері және нысандарының түсінігі баяндалған.

1-бөлім. БЭЗБ шеңберіндегі техникалық ынтымақтастық, Үкіметтің пікірінше, бірінші кезектегі ұлттық басымдықтар болып табылатын және Банктің ерекше құзыреті мен тәжірибесі шеңберіндегі экономикалық және әлеуметтік даму салаларындағы техникалық ынтымақтастықты білдіреді.

2-бөлім . Келісімді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 1 шілдеден 30 маусымға дейінгі жұмыс кезеңі мен қаржы жылы (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін) пайдаланылады.

3-бөлім. Үкімет Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігін Келісім шеңберінде туындайтын барлық мәселелер бойынша ақпарат алмасу жүзеге асырылатын, сондай-ақ БЭЗБ процесіне және нәтижелеріне үнемі бақылау жасалатын уәкілетті орган ретінде тағайындайды.

Атауы өзгерген немесе Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің осы Келісімді іске асыру жөніндегі функциясын беру жағдайында Үкімет Банкке тиісті х а б а р л а м а ж і б е р е д і .

Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004.11.16 N 1203 Қаулысымен.

4-бөлім . Үкімет алдағы жұмыс кезеңіне БЭЗБ шеңберіндегі техникалық ынтымақтастықтың жыл сайынғы бағдарламасын (бұдан әрі - Жыл сайынғы бағдарлама деп аталатын) және Үкімет атынан және ол арқылы БЭЗБ бойынша әкімшілік қаржы сметасын бекітуге уәкілетті ресми тұлғаны тағайындайды. Банк өз кезегінде Қазақстандағы өкілін тағайындайды.

Әр жұмыс кезеңіне арналған жыл сайынғы бағдарлама мен әкімшілік-қаржы сметасы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Ескерту. 4-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004.11.16 N 1203 Қаулысымен.

5 - б ө л і м .

(а) Әрбір жұмыс кезеңінің басында Тараптар өздерінің өкілдері арқылы Жыл сайынғы бағдарламаға енгізілуге тиіс зерттеулерді және басқа да шараларды т а л қ ы л а й д ы .

(б) Осы шолудың негізінде және өзара келісім бойынша Тараптар алдағы қаржы жылына арналған Жыл сайынғы бағдарламаны және тиісті әкімшілік қаржы сметасын бекітеді, бұл орайда әрбір жұмыс кезеңі үшін мына жәйттер айқындалуға тиіс:

(i) алдағы жұмыс кезеңі ішінде орындау немесе орындауды одан әрі жалғастыру үшін Банк Үкіметке техникалық немесе өзге консультациялық қызметтер көрсетеді деп күтіліп отырған БЭЗБ шеңберіндегі зерттеулер мен өзге де іс-шаралар;

(ii) осындай іс-шаралар өткізу үшін Банк қызметшілерінің және консультанттардың құрамы мен санына қойылады деп күтілетін талаптар;

(iii) Үкімет төлейтін қоса қаржыландыру сомасы.

(в) Техникалық тапсырмалар зерттеу мәніне жауапты Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдары мен Банк арасында келісіледі. Техникалық тапсырмалардың көшірмелерін Банк әлдеқандай іс-шараларды іске асыру басталғанға дейін қарауға Үкіметке береді.

6-бөлім. Үш жылдық кезең ішінде Үкімет қоса қаржыландырудағы өз үлесін ықтимал ұлғайту құқығымен оның тиісінше 2008 жылғы 1 шілдеден 2009 жылғы 30 маусымға дейінгі, 2009 жылғы 1 шілдеден 2010 жылғы 30 маусымға дейінгі және 2010 жылғы 1 шілдеден 2011 жылғы 30 маусымға дейінгі әр жұмыс кезеңіндегі жалпы құнының алпыс пайызы (60 %) мөлшерінде БЭЗБ-ны қаржыландыруға қатысады.

Үкімет үлесінен асып түсетін соманы Үкімет Жыл сайынғы бағдарламаның құнына аударуға құқылы. Бұл орайда қаржы жылының қорытындылары бойынша орын алған артық соманы Үкімет келесі Жыл сайынғы бағдарламадағы өзінің үлесін төлеу есебіне е с е п т е й д і .

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004.11.16 N 1203 , 2008.06.23 N 604 Қаулыларымен.

7-бөлім. БЭЗБ-ны іске асыру барысында Банк пен консультанттар көрсеткен қызметтер құны сметалар жасаудың стандартты банк рәсімдеріне және Тараптар арасындағы уағдаластыққа сәйкес айқындалатын ставкалар бойынша нақты шығыстар негізінде жыл сайын есептеліп отырады.

8-бөлім. Үкімет қосымша қаржыландыру сомасын Банкке дер кезінде беру үшін барлық қажетті іс-әрекеттерді жасауға міндетті.

9-бөлім. БЭЗБ-ны іске асыру барысында Тараптар Жыл сайынғы бағдарламаны іске асыру барысына қатысты жүйелі түрде пікір алысып тұрады және өзара келісіп алып, оған өздерінің көзқарасына орай маңызды саналатын өзгерістер енгізе алады.

10 - б ө л і м .

а) Банк жұмыс тәртібімен көрсетілетін қызметтердің тиісті есебін жүргізеді және Үкіметтің орынды сұрау салуы бойынша Үкіметті осындай ақпаратпен қамтамасыз е т е д і .

б) Банк қызметкерлері және/немесе консультанттар әр қаржы жылында тоқсан сайын Жыл сайынғы бағдарламаға және осы жұмыс кезеңіне арналған әкімшілік-қаржы сметасына сәйкес уәкілетті органға уәкілетті органмен келісілген нысан бойынша және талаптарға сәйкес қаржының пайдаланылғандығы туралы есеп пен Банк көрсеткен қызметтер туралы есеп береді. Көрсетілген есептер уәкілетті органға әрбір есептік тоқсан аяқталғаннан кейін тиісінше екі және үш ай ішінде ұсынылады. Банк қызметкерлері және/немесе консультанттар әр жұмыс кезеңінен кейін үш ай ішінде уәкілетті органмен келісілген нысан бойынша және талаптарға сәйкес қаражаттың пайдаланылғандығы және Банк көрсеткен қызметтер туралы жылдық есепті де ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 10-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004.11.16 N 1203 Қаулысымен.

11-бөлім. Банктің сұрау салуы түскен кезде Үкімет БЭЗБ шеңберінде келісілген міндеттерді орындау үшін Банк тартқан консультанттардың келуіне, болуына және кетуіне аса қысқа мерзім ішінде жәрдем береді.

1 2 - б ө л і м .

а) Талдамалық зерттеулер өткізу мақсатында Үкімет уәкілетті органның қызметкерлерін Банктің орталық офисіне жібере алады.

б) Үкімет қызметкерлерінің Банктің орталық офисінде болуын қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар Жыл сайынғы бағдарламаға енгізілуі тиіс.

13-бөлім. Үкімет, Банк қызметшілерінің немесе консультанттардың қызмет міндеттерін қасақана бұзу оқиғаларын қоспағанда, осы келісім шеңберінде қызметтер көрсету барысында Банктің, оның қызметкерлерінің немесе шетелдік консультанттардың іс-әрекеті, консультациясы немесе әрекетсіздігі үшін Банкке немесе оның қызметкерлеріне қойылған үшінші бір тараптың кез-келген талабы салдарынан Банкке және оның қызметкерлеріне нұқсан келмеуін қамтамасыз етеді.

14-бөлім. БЭЗБ өткізу нәтижесінде жасалған ұсыныстарды пайдалану туралы шешім қабылдау Үкіметінің міндеті болып табылады.

1 5 - б ө л і м .

(а) Осы Келісім шеңберінде қызметтер көрсету кезінде Банк өзге қызметті жүзеге асыру кезіндегідей қамқорлық жасап, құлшыныс білдіреді. Банк Үкіметпен консультация өткізіп алып, әлдеқандай себептер салдарынан белгілі бір Техникалық тапсырмада көзделген қызметтер мерзімінде аяқталмайды немесе Банк өз қызметінде қолданатын әдеттегі стандарттар мен ережелерге сәйкес орындала алмайды деп тапса, Банк өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін болмау себептерін көрсетіп Үкіметті хабардар етіп, Тараптар өзгені келіспейтін болса осындай қызметтер көрсетуді тоқтата тұра алады. Банк хабардар етілген күннен бастап отыз (30) күн өткен соң осындай қызметтер көрсету жөніндегі бұдан былайғы жауапкершіліктен босатылады. Орындалмаған қызметтер үшін Үкімет жасаған төлемдер сомасын Банк өтеуге тиіс.

(б) Үкімет Техникалық тапсырмаға сәйкес Банк көрсететін қызметтердің әлдеқандай түріне кез-келген сәтте толық көлемінде немесе ішінара қажеттілік жоқ деп тапса, Үкіметтің Банкті хабардар етуге құқығы бар және осы хабарлама алынған соң бұл қызметтер Банктің атынан көрсетілмеуге немесе оның өзі көрсетпеуге тиіс. Үкімет Банкке жоғарыда аталған қызметтерді әзірлеу барысында немесе оларды көрсетуге байланысты Банк ұшыраған шығындарды өтейді.

16-бөлім. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жазбаша нысанда өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Кез-келген мұндай өзгеріс осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

17-бөлім. Тараптар, сондай-ақ осы Келісімнің шеңберінде қажет болатын қосымша келісімдер жасасуы мүмкін.

18-бөлім. Осы Келісімнің немесе кез-келген қосымша келісімдердің ережелерін не Тараптардың өзара қарым-қатынастарын қозғайтын кез-келген мәселелерді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптардың арасындағы қандай да болсын дау-дамай келіссөздер және/немесе консультациялар арқылы шешіледі.

19-бөлім. Әрбір тарап басқа тарапты жазбаша хабардар ету арқылы осы Келісімнің күшін тоқтата алады. Келісім тиісті тараптың хабарламасын алған күннен бастап алты айдан кейін күшін тоқтатады. Осы Келісімнің тараптары осындай хабарлама алғаннан кейін сол сәттегі ағымды іс-шараларды қажетті дәйектілікпен тоқтату және шешілмеген барлық қаржы мәселелерін тез арада реттеу жөнінде барлық тиісті шараларды қолдануы тиіс.

20-бөлім. Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2011 жылдың 10 шілдесіне дейін қолданылады.

_____ қаласында 2002 жылдың " __ " _____ екі түпнұсқа данада, әрқайсысы орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Ескерту. 20-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004.11.16 N 1203 , 2008.06.23 N 604 Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі
үшін және атынан

У а қ ы т ы :
Х а л ы қ а р а л ы қ Қ а й т а Қ ұ р у
ж ә н е Д а м у Б а н к і

үшін және атынан
Уақыты: